



ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУҒА
БАҒЫТТАЛҒАН ШАРА

2-БЕТ | ҚОСШЫ ТЫНЫСЫ



«ӘР СӨЙЛЕМ – СЕНІМ,
ӘР СӨЗ – АМАНАТ»

4-БЕТ | ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ



ҚОСШЫ КӘСПКЕРЛЕРІНІҢ
ЖЕТІСТІП

5-БЕТ | ҚОҒАМ



КОСШЫГУЛОВЫ И КОСШЫ:
ПЕРЕКРЁСТКИ ИСТОРИИ

7-БЕТ | ИСТОРИЯ И ВРЕМЯ

№25(164)

28 МАУСЫМ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jana Bastau

[janabastau](#)
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті құқық қорғау жүйесінің қызметкерлері мен ардагерлері! Қадірлі алқа мәжілісіне қатысушылар!

Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрсіздер.

3

ҚҰРМЕТТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінде ақпарат тарату, қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайту, ел ішіндегі өзекті мәселелерді көтеру – аса жауапты әрі маңызды міндеттердің бірі. Сіздер осы жауапкершілікті абыроймен атқарып, күнделікті еңбектеріңіз арқылы әділдік пен шынайылықтың жаршысы болып келесіздер.

Осы орайда, Қосшы қаласының тыныс-тіршілігін жариялап, жергілікті ақпарат кеңістігінің дамуына үлес қосып жүрген «Jana bastau» басылымының еңбегін ерекше атап өткім келеді. Аталған газет бұған дейін Ақмола облысы бойынша «Үздік басылым» аталымында жеңімпаз атанған еді. Міне, биыл да газет облыс әкімінің ынталандыру сыйлығына ие болып отыр. Бұл жетістік кәсібилік пен халық алдындағы адал қызметтің айқын дәлелі деп білемін.

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас шабыт, тың идеялар мен толағай табыстар тілеймін! Қаламдарыңыз ұшқыр, ақпараттарыңыз шынайы болсын!

Ізгі тілекпен,
Қосшы қаласының әкімі
Азамат Қапышев

ЖАҢА ЖОБАЛАР,
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

ҚОСШЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев 2025 жылдың алғашқы алты айында атқарылған әлеуметтік-экономикалық даму жұмыстары туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде есеп берді.

2

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫНА
КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

26 маусым күні Көкшетау қаласында Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтіп, осы саланың үздік қызметкерлері марапатталды. Мерекелік іс-шараға облыс әкімі Марат Ахметжанов қатысып, журналистер мен медиа саласы мамандарының ерен еңбегін жоғары бағалады.

2

ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілер күні және Полиция қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл қос мереке – ел үшін адал қызмет етіп жүрген азаматтардың еңбегін ерекше құрметтеп, бағалайтын күн. Сіздердің қоғамға сіңірген өлшеусіз еңбектеріңіз, кәсіби біліктіліктеріңіз бен жоғары жауапкершіліктеріңіз – мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығы мен құқықтық тәртіптің негізі.

Сіздердің күнделікті жұмыстарыңыз елдің дамуына, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Қызмет жолындағы табандылықтарыңыз, халыққа деген жанашырлықтарыңыз үшін зор алғысымды білдіремін.

Осы айтулы мереке күні Сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, бақ-береке, қызметтеріңізге табыс, ел игілігі жолындағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Еліміздің өркендеуіне, Қосшы қаласының гүлденуіне қосқан үлестеріңіз үшін алғыс білдіремін!

Құрметпен, Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев

АШЫҚ ӘКІМДІК

ЖАҢА ЖОБАЛАР,
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

ҚОСШЫНЫҢ ДАМУ ЖОЛЫ

(Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, Қосшыға қала мәртебесі берілгелі бері бұл өңірде ауқымды әрі жүйелі өзгерістер жүзеге асырылып келеді. Инфрақұрылым саласындағы ілгерілеу мен бұрыннан қордаланып қалған бірқатар маңызды мәселелердің кезең-кезеңімен шешімін тауып жатқаны қала тұрғындары үшін оң өзгерістерге жол ашты.

Әкімнің мәліметінше, соңғы үш жыл ішінде Қосшыда төрт жаңа мектеп салынып, соның нәтижесінде үш ауысымды білім беру мәселесі толығымен жойылды. Бұл – білім беру саласындағы сапаның артуына тікелей әсер ететін маңызды жетістік. Сонымен қатар жеке инвестициялар есебінен бірнеше балабақша мен мәдени нысандардың құрылысы жалғасуда. Бұл бастамалар қала тұрғындарының әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Қазіргі таңда Қосшы қаласының аумағында ұзындығы 54 шақырым болатын жол желілеріне күрделі жөндеу және қайта салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл – қаланың көлік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған маңызды қадам. Сонымен бірге, ауыз су тапшылығын шешу мақсатында бес жаңа ұңғыма іске қосылып, су жүйесіндегі апатты жағдайлар жойылды. Тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару мәселесі де реттеліп, арнайы қоқыс алаңдары салынды.

Астана агломерациясын дамытуға арналған кешенді жоспар аясында жалпы құны 236,3 миллиард теңгені құрайтын 39 ірі жоба Қосшыда жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалар – қала үшін стратегиялық маңызы бар инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар: көпбейінді аурухана, жаңа мәдениет үйі, мектептер мен балабақшалар, жол құрылысы, су, газ, жылу және электрмен жабдықтау желілері.

Азамат Қапышевтың айтуынша, соңғы төрт жылда негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 127 миллиард теңгеден асып, құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 65

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРА

Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде «Заң мен тәртіп» республикалық акциясы бойынша ауқымды кездесу өтті. Бұл іс-шара құқықтық тәртіпті нығайтуға, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Кездесуге мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті тұрғындар және жастар белсенді қатысты.

Қосшы қаласының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Данияр Ізбасарұлы өз сөзінде Мемлекет басшысының бастамасымен еліміздің барлық облыс және аудандарында кең көлемді «Заң мен Тәртіп» акциясының жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылына мобильді топтар шығып, халыққа заң талаптарын, қызметтерге қол жеткізу тәртібін түсіндіру, сондай-ақ қылмыстық ахуал мен қоғамдық-саяси жағдайға кері әсер ететін мәселелерді анықтау жұмыстары жалғасуда. Данияр Ізбасарұлы құқықтық мәдениетті арттыру – мемлекеттің, бизнестің, үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының және азаматтардың өздерінің күш-жігерін біріктіруді талап ететін кешенді міндет екенін ерекше атап көрсетті. Осы орайда барлық қатысушы құрылымдарды пәрменді үйлестіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. «Қоғамда заңға деңгей құрметті, құқықтық мәдениетті, жауапкершілік пен тәртіпті қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз», – деп сөзін түйіндеді.

Кездесу барысында заңдылықты сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері жан-жақты

миллиард теңгеге жетті. 2024 жылы алғаш рет 180 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, 2025 жылы тағы да дәл осындай сандаттағы азаматтар баспаналы болмақ.

Бүгінде 350 орынға есептелген көпбейінді аурухананың құрылысы қызу жүргізілуде. Сонымен қатар жаңа емхана мен медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үй кешенінің салынуы да жоспарда бар. Бұл денсаулық сақтау нысандары тек Қосшы қаласының емес, Ақмола облысының басқа да өңірлерінің тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Алдағы 2025-2028 жылдар аралығында жалпы сомасы 80 миллиард теңгеден асатын 26 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Бұл жобалар іске қосылған жағдайда 600-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, қаланың салық базасы да айтарлықтай кеңейіп, экономикалық тұрақтылыққа жол ашылады.

Алайда қала әкімінің айтуынша, қазіргі таңда Қосшының басты мәселесі – инженерлік инфрақұрылым тапшылығы. Электр қуаты, көріз жүйесі, жылу желілері мен су тарту нысандарын дамытуға шамамен 52 миллиард теңге қажет. Осы бағыттағы жобаларға қаржы тарту – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Сонымен бірге, Азамат Қапышев Қосшының бас жоспары аясында 264 гектар жерді индустриялық аймақ ретінде дамыту жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Қазіргі таңда бұл жерлерді мемлекет меншігіне қайтару үдерісі қолға алынған. Бұл өндіріс орындары, логистика, қоймалау және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына тың серпін беретін жоба болмақ.

«Біздің басты мақсатымыз – Қосшыны өмір сүруге қолайлы, экономикасы мықты, инфрақұрылымы дамыған заманауи қала ретінде қалыптастыру. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жалғасын табады», – деп қорытындылады өз баяндамасын қала әкімі Азамат Қапышев.

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫНА
КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

БӨРЕКЕЛДІ!



(Басы 1-бетте)

Марат Мұратұлы: «Бүгін ерекше күн. Біздің атқарған жұмысымызды елеп-екшеп, тереңнен талдап, зерттеп, халыққа ауқымын кең етіп жеткізер дәнекер болған журналистер мен медиа саласы мамандарының еңбегі ерен. Бүгінгі күні аймақтық журналистика кәсіби биік деңгейге жетті деп нық сеніммен айтуға болады. Шығармашылық шыңнан көрініп, абырой биігіне жете беріңіздер!» – деп журналистерге жылы лебізін білдірді. Ол рухани құндылықтарды дәріптеп, мәдениетті өрістетуге, ел ішіндегі оң өзгерістерді жұртшылыққа дер кезінде жеткізуді мақсат еткен журналистердің еңбегінің маңыздылығын атап өтті.

Салтанатты шара барысында облыс басшысы бірқатар медиа мамандарын төсбелгілермен және алғыс хаттармен марапаттады. Отандық бұқаралық ақпарат құралдары саласында 40 жылдан астам уақыт табанды еңбек етіп, ақпарат кеңістігінің дамуына үлес қосқан, сондай-ақ өз кәсібінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, ұзақ жылғы адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін облыстық «Арқа ажары» газетінің бет қаттаушысы Жұмабике Зейнолқызына «Еңбек ардагері» медалі табыс етілді.

Ал еліміздегі бейбітшілік пен рухани келісімді нығайтуға, халықтың бай мәдени мұрасын сақтау мен дәріптеуге сүбелі үлес қосқаны үшін белгілі журналист, публицист, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Ақмола – Тіршілік» ЖШС-нің директоры Жабал Ерғалиұлы «Халықтар достығы» арнайы орденіне лайықты деп танылды. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен «Қазақстан» РТРК» АҚ Ақмола облыстық филиалының редакторы Мақпал Еслямқызы мен Атбасар ауданының «Простор Атбасар» газетінің бас редакторы Елена Вергун марапатталды. Ақмола облысының дамуы мен өркендеуіне қосқан еңбегі мен мінсіз қызметі үшін Қосшы қаласы әкімінің кеңесші-баспасөз хатшысы Ардақ Зұлқажапқызы Ақмола облысы әкімінің Алғыс хатын алды.

Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Арқа төрі – Ақмола» атты он номинациядан тұратын байқау биыл 15 рет ұйымдастырылып, облыс әкімінің сыйлықақысы табысталды. Комиссия шешімімен 10 номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. Облыс әкімінің 200 мың теңге көлеміндегі ынталандыру сыйлығы Қосшы қаласынан шығатын «Janabastau» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетінің журналисті Бисен Гүлназға табысталды.



және т.б.) алғыс хаттар, буклеттер мен естелік сыйлықтар салтанатты түрде табысталды. Бұл шаралар қоғамдық тәртіпті нығайтуға, құқықбұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ халық арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бастамаларды қолдауға бағытталған маңызды қадам болды.

Акция қорытындысы бойынша құқықтық тәртіпті нығайтуға үлес қосқан ең белсенді қатысушылар мен қала тұрғындары атап өтілді. Олардың қатарында билер қауымдастығының төрағасы И. Қазанғапов, прокуратура органдарының ардагері К.Абдрахманов, полиция ардагері Б. Жұмабаев, мәслихат депутаты И. Осипова, жеке кәсіпкер Е. Ералиев бар. Бұл азаматтардың белсенділігі мен қоғамдық жұмыстарға атсалысуы басқаларға үлгі

боларлықтай. Аталған акцияны тұрақты өткізу азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыруға және қоғамда заңға бағынатын мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етері белгілі. Бұл бастамалар Қазақстанның әділетті қоғам құру жолындағы мақсатына жетуіне зор үлес қосады.

Гүлназ БИСЕН

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Я, Сагидульдинова Зарина Бакытхановна 04.09.1986 гражданка Республики Казахстан, сообщаю следующее: Служебное Удостоверение №0378, выданное 11.04.2024 утеряно и считается недействительным. Город/район: г Астана

Дата: 27.06.2025

Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com

БИІК МІНБЕРДЕН

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Басы 1-бетте)

Қазір дүниежүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету – айрықша маңызды міндет. Сол себепті, бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет.

Елімізде «Заң мен тәртіптің» қатаң сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Қазір осы жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар, сарапшылар және белсенді азаматтар қатысып отыр. Күштік құрылымдарды жаңғырту ісінде жаңа буынның атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті, бүгінгі басқосуға академиялардың курсанттары да арнайы шақырылды.

Трансұлттық қылмыстық топтармен күресу үшін халықаралық ынтымақтастықты дамыту өте маңызды. Осы жерде бүгін шетелдік полиция атташелері отыр. Құқық қорғау органдарымен жүргізіп жатқан халықаралық ынтымақтастық жұмысы үшін Сіздерге ерекше ризашылығымды білдіремін.

Соңғы жылдары елімізде барлық салада ауқымды реформалар жасалып жатыр. Мемлекеттің саяси жүйесі мен экономикалық құрылымы түбегейлі жаңғыруда. Ел ішінде жоғары құқықтық мәдениет қалыптасып келеді. Азаматтық жауапкершілік идеологиясы берік орныға бастады. Бұл – біздің стратегиялық бағдарымызға тән аса маңызды басымдық. Мемлекет құқық қорғау жүйесін жетілдіруге және барлық салада заң мен тәртіп орнатуға баса мән береді. Осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік.

2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылық саны шамамен екі есе азайды. Соның ішінде қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеді, ал кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміді. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды. Бұл – азаматтарымыз көшеде ештеңеден қауіптенбей, алаңсыз жүре алады деген сөз.

Келесі маңызды міндеттің бірі – отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес және әйелдер мен балаларды қорғау. Осы бағытта заңнамалық, институционалдық тұрғыдан батыл қадамдар жасалуда. Отбасылық зорлық-зомбылық жасағаны үшін берілетін жаза едәуір күшейтілді. Бір жыл бұрын тиісті заң қабылданды. Заңға енгізілген түзетулер мен басқа да шаралар нақты нәтиже бере бастады. Орташа және ауыр деңгейдегі отбасылық-тұрмыстық қылмыс саны жыл басынан бері 30 пайызға төмендеді.

Жалпы, соңғы 5 жылда әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар екі есе азайды. Ең бастысы, қазір қоғамдық сана түбегейлі өзгеріп жатыр. Азаматтарымыздың бойында отбасындағы қатігездік пен озбырлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеті қалыптасуда.

Зардап шеккендерге қол ұшын беретін, ал құқық бұзушыларды жазғыратын қайырымды қоғам орнығып келеді. Елімізде «Қазақстан балалары» атты арнайы бағдарлама

әзірленіп жатыр. Құжатта өскелең ұрпақтың мүддесін қорғауға арналған маңызды тетіктер ұсынылмақ.

Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы кешенді жұмыс атқарылуда. Былдың өзінде 83 есірткі зертханасы жойылып, айналымнан алынған есірткі заттарының көлемі 84 пайызға ұлғайды. Есірткі өндіргені үшін берілетін жаза қатандатылды. Тіпті, өмір бойы бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Бірақ бұл саладағы жұмыс әлі де толығымен біткен жоқ, түйткілдер жеткілікті, шешілмеген мәселелер еліміздің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына сын-қатер төндіруде. Бүкіл қоғамды алаңдатып отырған ең қауіпті үрдіс: жастар

туризмді дамытамыз және шетелдік қонақтарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән береміз.

Бүгінде Қазақстанға келген әрбір туриске әуежайдан қауіпсіздік жадынамасымен бірге мобильді байланыс пен базалық интернет пакеті бар жаңа сим-карта беріледі. Қазақстанды жайлы әрі қауіпсіз мемлекет ету – бәрімізге ортақ міндет. Біз азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғай білуіміз керек. Ел ішіндегі тыныштық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету аса маңызды. Бұл – халықтың әл-ауқаты мен еліміздің табысты дамуына тікелей ықпал ететін фактор. Сондықтан біз бүкіл құқық қорғау жүйесінің әлеуетін арттыруымыз қажет. Осылайша, Қазақстан ай-

еркіндік пен әділдік, ар-намыс пен адамгершілік, тілеуестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұрған.

Сондықтан «Заң және тәртіп» қағидаты ұлтымыздың рухы мен дүниетанымына толық сай келеді. Біз ата-бабамыздың бірегей құқықтық мұраларын мұқият зерделеп, жан-жақты насихаттауымыз керек. Бұл – халқымыздың құқықтық сана-сезімін арттыратын маңызды фактордың бірі.

Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну

Қазақстан» – озық ойлы қоғам құруға арналған идеологиялық тұғырнаманың ажырамас бөлігі. Бұл – тек қоршаған ортаның тазалығын емес, ой мен сана тазалығын сақтау деген сөз. Себебі қоғамдық әдеп пен заңға деген құрмет айналадағы тазалықтан басталады.

Жалпы, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге жан-жақты қараған жөн. Бүгін мен «Заң және тәртіп» апталығын жариялауды ұйғардым. Осы апта қоғамда заң мен тәртіпті насихаттау аптасы болмақ. Алдағы жеті күн құқықтық мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ құқық қорғау органдарының абырой-беделін арттыруға арналуы керек. Алайда, бұл бір реттік акция емес. «Заң және тәртіп» апталығына азаматтардың құқықтық сана-сезімін көтеретін маңызды, жүйелі шара ретінде қараған жөн.

Екінші. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Қылмыс оған қолайлы жағдай жасаған жерде өршиді. Қылмыстың және заңға қайшы әрекеттердің салдарымен ғана күресуге болмайды. Қылмысқа түрткі болатын себептерді алдын ала анықтап, жойып отыру қажет.

Менің тапсырмаммен «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заң жобасы әзірленіп, Мәжілістің қарауына берілді. Жаңа заң аталған саладағы мемлекеттік саясатты біріздендіріп, профилактикалық шаралармен қамтылатын тұлғалардың санатын кеңейтеді. Мұндай заң сөзсіз керек. Сондықтан мейлінше тез қабылдау қажет. Парламент депутаттарынан заң жобасын жылдың соңына дейін қарап, қабылдауды сұраймын.

Заңнамалық өзгерістермен қатар, ұйымдық құрылымды да жаңғырту қажет. Ішкі істер министрлігі жүйесінде профилактикалық жұмыстарды үйлестіретін дербес бөлімше құратын уақыт келді.

Құқық қорғау органдарының тиімділігін бағалау жүйесіне де өзгеріс қажет. Онда құқық бұзушылықты ескерту бағытындағы жұмыс нәтижесі есепке алынуға тиіс. Қылмысқа көбінесе тұрмысы нашар отбасыдан шыққан адамдар барады. Алдын алу шараларын жүзеге асырғанда дәл осы санатқа айрықша назар аударған жөн. Бұл ретте әлеуметтік қорғау органдары мен жергілікті билік маңызды рөл атқарады.

Көптеген құқық бұзушылық ұқсас жағдайда, бірдей факторлардың әсерінен орын алады. Тиісті деңгейде талдау жасалса, оны дер кезінде ауыздықтауға болады. Басқаша айтқанда, қылмыс қаупін болжау және оған қарсы іс-қимыл жүйесін қайта қарау керек. Ол үшін Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Аталған ведомство жай ғана есеп сақтайтын орын емес, қоғамдық қауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерді анықтайтын және ескертумен айналысатын орталық болуға тиіс.

Жасанды интеллект пен «үлкен дерекқор» мүмкіндіктерін жұмылдыру қажет. Көп ұзамай іске қосылатын суперкомпьютерімізді осы мақсатта пайдалануға болады.

(Мақаланың толық нұсқасын akorda.kz сайтынан оқи аласыздар)



нашақорлыққа үйір бола бастады. Бұл – үлкен қатер, оны жасырмауымыз керек.

Қазақстанда кірісті жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрестің халықаралық озық стандарттарға сай тиімді жүйесі қалыптасты. 2019 жылдан бері ЖІӨ-дегі көлеңкелі экономиканың үлесі 23 пайыздан 16 пайызға дейін төмендеді. Бірақ әлі жоғары деңгей сақталып отыр. Мемлекет жауапкершілігі мол әрі адал кәсіпкерлерді қорғап, қолдау білдіреді.

Менің арнайы тапсырмам бойынша Бас прокуратура жалпы сомасы 34 триллион теңге болатын шетелдіктердің қатысы бар жүздеген инфрақұрылымдық жобаға құқықтық тұрғыдан көмек көрсетіп келеді. Алайда отандық бизнесті негізсіз қылмыстық қудалау мәселесі толық шешімін тапқан жоқ. Бас прокуратура бұл жұмысты жалғастырғаны жөн.

Жемқорлыққа қарсы күресу үшін нақты, жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Менің тапсырмаммен сот арқылы жемқорлардан алынған қаражат мектептер салуға жұмсалуда. Үш жылдың ішінде 89 мектептің құрылысына 150 миллиард теңгеден астам қаражат берілді (соның ішінде 61 мектеп пайдалануға берілді).

Дегенмен қазіргі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайда жемқорлыққа қарсы күресті тиімді жүргізу үшін жаңа тәсілдер қажет. Біз қонақжайлық индустриясының әлеуетін мақсатты түрде нығайтып,

мақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге зор үлес қосатын ел ретіндегі мәртебесін нығайта бермек.

Құқық қорғау органдары түбегейлі өзгерістерге дайын болуға тиіс. Түйткілдің бәрін жан-жақты ойластырып, жоспарлы түрде шешу қажет. Құзырлы органдардың негізгі мақсаты – нақты нәтижеге қол жеткізу.

Құрметті жиынға қатысушылар!

Әділетті әрі қауіпсіз Қазақстанды құру үшін заң мен тәртіп үстемдігін түбегейлі орнықтыру керек. Бұл – барша азаматтың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғаудың мызғымас тірегі. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттырып, құқық қорғау жүйесін жетілдіру қажет. Бұл – ауқымы кең маңызды міндет. Енді осы жұмыстың негізгі басымдықтарына тоқталайын.

Біріншіден. Біз «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген қасиет. Түрік қағанаты, Алтын Орда мен Қазақ хандығы мықты мемлекеттік құрылымы, бірегей құқықтық жүйесі бар қуатты ел болғаны бәрімізге аян. Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын, Өз Тәукенің Жеті жарғысын Ұлы даланың конституциясы деуге болады. Атадан балаға жалғасқан бұл заңдар мемлекеттілік дәстүрін нығайта отырып, қоғамдық дамуға ерекше ықпал еткен. Ұлы далада

– әркімнің өмір салтына айналуға тиіс. Мемлекеттік аппарат пен бүкіл қоғам жұмылып жұмыс істесе, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Озық ойлы ұлт болу үшін әдептілік, өзара құрмет, ұстамдылық, сыпайылық сияқты қасиеттерді барынша дәріптеген жөн. Азаматтарымыз әдеп пен заңды мәжбүрлікпен емес, саналы түрде сақтауы керек.

Заң мен тәртіп басты құндылыққа айналса, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм, есірткі саудасы, лудомания сияқты қатерлердің тамырына балта шабылады. Біз былтыр Ұлттық құрылтайда осы әлеуметтік кеселдермен ымырасыз күрес мәселесін талқыладық.

Өскелең ұрпақтың бойына жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет. Бұл – атааналар мен білім беру жүйесінің ортақ міндеті. Балалар қоғамдық құндылықтардың мән-мағынасын ұстазынан үйренеді. Олардың мінез-құлқы негізінен мектеп қабырғасында қалыптасады. Сондықтан Үкімет білім мекемелеріндегі тәрбие жұмысын қайта зерделеп қарауы керек. Жас ұрпақты заңды сыйлауға үйрету мәселесіне баса мән берген жөн. Балалар мектептен «Адал азамат» болып шығуы қажет.

Заң және тәртіп» қағидаты жауапкершілікті сезіну мәдениетімен тығыз байланысты. Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық науқаны жүріп жатқанын білесіздер. Бұл маңызды бастама халықтың кең қолдауына ие болды. «Таза

ӘРІПТЕС ЖАЙЛЫ

Қоғам санасына әсер ететін ақпарат құралдарының әр жолы мен әр сөзі – көзге көрінбейтін, бірақ аса маңызды еңбектің нәтижесі. Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні біз – оқырман ретінде де, әріптес ретінде де – дәл осындай үнсіз еңбек иелеріне шексіз алғыс білдіреміз. Қосшы қалалық «Jana bastau» газеті де осындай тіл жанашырымен мақтана алады. Ол – сөзге серт, тілге шын берілген, өз ісіне ұқыпты әрі адал кәсіби маман – корректор Майгүл Хариғазы. Ұжымдастары арасында ол ұстамды мінезімен, сөзге адалдығымен, тіліне жанашырлығымен, әріптесіне қамқор, жас мамандарға бағыт-бағдар бола білетін тәлімгерлігімен және адами биік болмысымен ерекше құрметке ие.

«ӘР СӨЙЛЕМ – СЕНІМ, ӘР СӨЗ – АМАНАТ»

ТІЛДІҢ ШЫРАҒЫН СӨНДІРМЕГЕН МАЙГҮЛ ХАРИҒАЗЫМЕН АШЫҚ СҰХБАТ

– Майгүл ханым, әңгімені балалық шағыңыздан бастасақ. Өзіңізді тәрбиелеп өсірген орта туралы айтып берсеңіз.

– Мен – Көкше өңірінің қызымын. Табиғаты тамаша, қысы қатты, жазы жайдары ауылда өстім. Әкем – дәрігер, анам – есепші. Қазір екеуі де зейнетке шыққан. Әкеміз – еңбексүйгіштік пен қарапайымдылық. Ол ешқашан байлық пен атақты мақсат тұтқан емес. Қолындағысымен бөлісіп, адамдық қасиетін биік ұстады.

Анам – ақылы мен тәрбиесін аямайтын адам. Үйде үнемі бір тәртіп, бір қалып болатын. «Ұлдың жұмысы, қыздың жұмысы деген жоқ, бәрі де еңбек» деп отыратын. Ол сөздер бізге бала күнімізден санамызға сіңіп қалды.

Кітапқа деген құштарлығым ерте басталды. Әкемнің жеке кітапханасындағы дүниелерді оқып тауысқан соң, мектеп пен ауыл кітапханаларының сөрелеріне көз тіктім. Қолыма жаңа кітап тисе, ішкер асымды жерге қоятын едім. Оқыған дүнием көп болған сайын, ойлану да, жазу мәнері де өзгере бастады. Үй шаруасына кейде мойын бұра бермейтінмін. Анам кейде: «Кітапты қойшы енді!» деп ренжитін. Сондай-да тығылып, жарықты жағып қойып, көрпенің астында жатып оқитын сәттерім де аз болған жоқ.

– Білім мен еңбек жолыңыз қалай басталды? Мамандық таңдауда не нәрсе шешуші болды?

– Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан 2001 жылдың жазы – менің тағдырымдағы ерекше белес. Сол жылы бала күнгі асыл арман мен жүректегі сенімді серік етіп, Еуразия ұлттық университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға қабылдандым. Тіл мен сөзге деген махаббатым осы сәттен бастап өмірімнің өзегіне айналды. Студенттік шақ – терең ой мен ұшқыр қиялдың ұштасқан кезеңі десек, мен үшін ол жылдар – сана түбіндегі сезімді жаңғыртып, рухани көкжиегімді кеңейткен алтын уақыт болды. Әрбір оқулық – жаңа таным әлеміне ашылған терезе, әрбір дәріс – жүрекке ой салар рухани сабақ ретінде

есте қалды. Тілдің табиғатына терең үңіліп, сөздің сиқырын сезінген шақтарым мені болашақ өмірге дайындады.

Жоғары оқу орнын 2006 жылы сәтті аяқтап, тағдырдың бір бұралаң бұрылысы – отбасылық өмірге бастар жолға түстім. Осы жылы еңбек жолым да өзім білім алған қасиетті қарашаңырақтан бастау алды. Журналистика кафедрасындағы алғашқы қадамдарым – кәсіби тұрғыда қалыптасуыма негіз қалап, жазу мәдениеті мен мазмұн тереңдігіне жіті назар аударуды үйретті. Ғылым мен шығармашылық қатар өрілген ортада, мәтінмен жұмыс істеудің нәзік иірімдерімен таныса отырып, жүрек пен зерде үндестігімен қызмет етудің маңызын түсіндім.

Баспасөз әлеміне бет бұрып, «Ел» газетінің редакциясында корректор ретінде қызмет атқарып, басылым тынысын

инновациялық білім беру орталығында бес жыл бойы мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілінен дәріс бердім. Тіл – тек қатынас құралы емес, ұлттың рухани өзегі. Сабақ барысында құрғақ ережеден гөрі, сөздің мәні мен мағынасын түсіндіруге, оның өмірмен байланысын көрсетуге көбірек ден қойдым.

Кәсіби ізденіс жолындағы келесі аялдама – еліміздегі ең беделді басылымдардың бірі – «Егемен Қазақстан» болды. Бұл редакцияда шамамен екі жыл қызмет етіп, отандық журналистиканың биік талаптарымен бетпе-бет келдім. Әр мәтін – жауапкершіліктің таразысына тартылып, әр сөйлем – оқырманмен рухани байланыстың көпіріне айналды. Сол жылдар – кәсібилік пен шеберлікті ұштастырған үлкен мектеп, тәжірибе мен төзімнің сыналар тұсы болды.

2023 жылы Қосшы қаласы-

сөз мәдениетінің биіктеуіне қажырлы еңбек етіп келеміз. Газеттегі әр жол – тек ақпарат емес, рухани жауапкершілік деп білемін. Сол жауапкершілікті сезіну – мен үшін үлкен мәртебе.

– Отбасыңыз жайында айтып өтсеңіз. Жеке өмір мен қызмет жолын қалай қатар алып жүрсіз?

– Отбасы – әрбір адамның тірегі, өмірінің мәні десем, артық айтқандық болмас. Менің жан жарым – Қазақ ұлттық өнер университетінде ұзақ жылдар бойы оқытушы болып еңбек етіп жүрген, өз ісіне адал, талай шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Біз Алланың берген алты перзентіне ата-ана болып, олардың әр қадамына шүкіршілік айтып келеміз.

Үлкен қызымыз Бірғаным қазіргі таңда Польша елін-

боларына күмәнім жоқ.

Екі ұлым домбыраның қыр-сырын ерте жастан меңгеріп, қазақтың күй өнеріне ерекше ықылас танытып жүр. Қоржындарында елуден аса күй бар, сахна төрінде талай мәрте өнер көрсетіп, мерейімізді үстем етіп жүр. Ал кішкентайларымыз – болашаққа үмітпен қарайтын көз қуанышымыз. Олардың әрбір қадамына тілеулестікпен қарап, бастысы денсаулығы мықты, жолы ашық болсын деп тілейміз.

Балаларымыз – түрлі халықаралық және республикалық деңгейдегі байқаулардың жеңімпаздары. Олардың жетістіктері – біздің де қажырлы еңбегіміздің, тәлім-тәрбиеміздің жемісі. Ана ретінде олармен мақтанамын, шүкір деймін. Бүгінде қызмет пен отбасылық өмірді қатар алып жүру – күн сайын өзара түсіністік пен қолдауды қажет

емес. Бұл – жан дүниеңмен үнсіз сырласатын, жүрек тереңінде қатталған естеліктерге көз жүгіртетін айрықша сәт. Алғаш рет редакцияның табалдырығын жүрексіне атаған күнім, ең алғашқы рет түзетілген сөйлем, тұңғыш жарық көрген мақала – бәрі де күні кешегідей есімде. Сол шақтағы толқыныс пен қуаныш, жауапкершілік пен үміт әлі күнге дейін бойымда.

Баспасөз саласы – өмір салты, ол – жүректің таңдауы. Әрбір жарияланған материал – тек мәтін емес, жүректен шыққан сыр, оқырманмен орнаған сенімді көпір. Ақпарат кеңістігінде адалдықпен, шынайылықпен қызмет ету – әрбір журналист пен редакция ұжымы үшін үлкен миссия.

Осы орайда, мені әрдайым қолдап, бір-біріне демей бола білетін әріптестерімді ерекше ілтипатпен атап өткім келеді. Біздің ұжым – тек жұмыс орны ғана емес, шынайы рухани орта, бір үйдің баласындай тату, сөз қадірін білетін, ойлы да ойнақы жандардың басын қосқан шеберхана. Әріптестерімнің ізденісі, жанкешті еңбегі, көркем талғамы – мен үшін үнемі үлгі.

Айтулы мереке күнінде барлық байланыс және ақпарат саласының қызметкерлерін шын жүректен құттықтаймын! Қаламдарыңыз қарымды, ойларыңыз орамды болсын! Ақпарат алаңында абыройларыңыз асқақ, оқырманның сенімі берік болғай! Шығармашылық шабыттарыңыз сарқылмасын, ал еңбектеріңіз ел мүддесіне қызмет етіп, өз бағасын ала берсін!

– Сізбен болған әңгіме жүрекке жылы әсер қалдырды. Әр сөзіңізден мамандығыңызға деген шынайы сүйіспеншілік пен парасатты көзқарас аңғарылады. Майгүл ханым, Байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тіл тазалығына қосып жүрген үлесіңіз ұрпаққа үлгі болсын. Уақытыңызды бөліп, ашық пікір білдіргеніңіз үшін зор алғыс айтамын. Шығармашылық табыс пен отбасыңызға амандық тілеймін!



Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com



Фото Майгүл Хариғазымен және мұрағатынан

ішінен сезіндім. Әр сөйлемге жауапкершілікпен қарау, тіл тазалығын сақтау мен ойдың жүйелілігін қамтамасыз ету – күнделікті кәсіби міндетіме айналды. Газет бетіне шыққан әр сөзге деген жанашырлық – ішкі тәртіп пен рухани тазалықтың белгісі екенін терең ұқтым. Қалам ұстаған жан үшін үнсіз, бірақ салмақты еңбек еді.

Кейінгі жылдары «Зерде»

на қоныс аударуымызға байланысты жұмыстан шығып, қалалық «Jana bastau» газетінің шығармашылық құрамына қосылдым. Жаңа орта – тың тыныс пен жаңа бетбұрыс сыйлады. Осындағы ұжым – шығармашылықпен тыныстайтын, әр сөзіне жан салатын жандар. Міне, содан бері қалам мен жүректі қатар ұстап, әріптестеріммен бірге тіліміздің тазалығы мен

де білім алып жатыр. Шет жерде қатыс де жүрегі қазақ деп соғатын, алған білімін ел игілігіне жұмсайды деген сенімім зор. Екінші қызым Әйгерім – жуырда ғана Назарбаев Университетінің медицина бағыты бойынша мемлекеттік грант иегері атанып, отбасымызға үлкен қуаныш сыйлады. Оның да болашағы халыққа қызмет етумен тығыз байланысты

етеді. Осы тұрғыда отбасым – менің ең сенімді тірегім, шабыт көзім.

– Майгүл ханым, байланыс және ақпарат қызметкерлері күні сіз үшін нені білдіреді?

– Мен үшін 28 маусым – жай ғана кәсіби күнтізбедегі күн

ҚАРЖЫ САЯСАТЫ

БЮДЖЕТТІК ПРОЦЕСТЕРДІ
АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Осы тәуелсіздік алған жылдар ішінде Қазынашылық мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын, сенімділігін және ашықтығын нығайтуға, сондай-ақ бюджет саясатының міндеттерін шешуге айтарлықтай үлес қосты.

1994 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік бюджет кірістері мен шығыстарын тиімді басқару және бақылау мақсатында қазынашылық органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесі құрылып, Қазақстан Республикасы Қазынашылық Бас басқармасы құрылды.

Қазынашылық жүйесін құрудың келесі кезеңі ретінде Қазынашылықтың аумақтық, басқармаларын - облыстық, аудандық және қалалық құрылымдарын құру жүзеге асырылды. Содан бері Қазақстан Қазынашылық органдары қайта құру, жаңғырту, жаңа функцияларды игеру, өтпелі ақпараттық технологияларды енгізу кезеңдерінен өтті. Бүгінгі таңда Қазынашылық ең заманауи және ақпараттық технологияларды қолданатын заманауи төлем, есеп және ақпараттық жүйе болып саналады.

Ұлттық банкінің есеп айырысу-кассалық орталықтары орналасқан өңірлерде қазынашылық жүйесін құрудың барысында аумақтық қазынашылық басқармалары құрылды. Функцияларына бюджет қаражатының түсуін қадағалап және оларды мемлекеттік мекемелердің шоттарына аударылуын қамтамасыз ету кірді. Аумақтық басқармалар заңды тұлғалар болады, шығыстардың дербес сметалары, ҚР Ұлттық банкінің мекемелерінде ағымдағы шоттары болады.

Қазынашылық департаменті мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалуы, мемлекеттік

мекемелердің бухгалтерлік есебі және бюджеттік есептілігі, сондай-ақ бюджетті орындауға уәкілетті органдардың кассалық орындалуы бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу функциясын жүзеге асырды. Бұл құжаттарға (Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетін кассалық орындау жөніндегі нұсқаулық, мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі жөніндегі нұсқаулық, мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережелері және басқалары жатады).

Бюджет жүйесіне қатысты заңнамалық және нормативтік құқықтық база құрылғаны Қазақстанда 1997 жылы басталған қазынашылықты жаңғырту үшін жақсы алғышарт болды және бұл еліміздің бюджет жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік берді. Бұл жаңашылдықта Қазақстан Республикасы ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып мұндай жауапкершілікті өз мойнына алды және жан-жақты қолдауға, соның ішінде шетелдік қолдауға да ие болды.

Қаржылық құжаттарды қабылдау және одан әрі өңдеу бойынша бюджеттік процестерді автоматтандыру шеңберінде 2008 жылы «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі әзірленді. Бюджеттерді атқару барысында қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2012 жылдан бастап «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік мекемелермен тәжірибелік пайдалануға электрондық құжат айналым жүйесін кезең-кезеңімен

енгізу басталды.

«Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесін енгізу мемлекеттік мекемелерге қашықтықтан қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл өз керегінде қазынашылық органдарының мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимылындағы тиімділігін арттырып, бюджеттердің атқарылуы сапасын жақсартуға ықпал етті. Электронды құжат айналымын енгізу мемлекеттік мекемелерді қызмет көрсету уақыты мен шығындарын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік берді.

2012, 2017, 2018 және 2022 жылдары қазынашылық органдарына қызмет көрсетуіне жарғылық капиталды ұлғайтуға бюджет қаражатын алатын немесе мемлекеттік тапсырманы орындайтын квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік сатып алулар шеңберінде нысандар құрылысы бойынша қазынашылық сүйемелдеу аясында жұмыс істейтін бас мердігерлер, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры және мемлекеттік бағдарламаларды қаржылық қолдау операторлары кезең-кезеңмен өтті.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Қосшы қаласы бойынша қазынашылық басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 13 қазандағы № 735 қаулысымен құрылды. Бұл ұйым ҚР ҚМ Мемлекеттік Қазынашылық



комитетінің аумақтық органы болып табылады. Ол республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бақылау шоттары бойынша мемлекеттік мекемелердің операцияларын жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда қазынашылық басқармасы 28 мекемеге қызмет көрсетеді. Басқарманың кадрлық құрамы – кәсіби деңгейі жоғары, тәжірибелі және жас мамандардың үйлесімді ұштасуымен сипатталады. Басқарма қызметкерлері қаланың мәдени-бұқаралық іс-шараларына белсенді қатысады, үлгілі мемлекеттік қызметі үшін грамоталар, алғыс хаттармен марапатталған. Сонымен қатар, біздің еліміздің қазынашылық жүйесі қалыптасу мен дамудың үлкен жолынан өтті. Мақсатымыз – мемлекеттік қаржыны басқару жүйесінде лайықты орын алу.

Қайыржан Бимолдин,
ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаменті Қосшы қаласы бойынша қазынашылық басқармасының басшысы

ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

«FSM SOCIAL»

ЦИФРЛЫ ПЛАТФОРМАСЫ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірыңғай цифрлы платформасы арқылы әлеуметтік қолдау шараларының бизнес-процестерін цифрландыру

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылғы 20 маусымда мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің жаңа моделін енгізу мақсатында жобалық топ мүшелері Қосшы қаласына іссапармен келді. Олар жергілікті мамандарды «FSM SOCIAL» бірыңғай цифрлы платформасының жұмыс қағидаттарымен таныстырып, әр сала бойынша жауапты тұлғалардың айқындалғанын жеткізді. Платформа арқылы қиын жағдайға тап болған отбасыларды тіркеу, деректерді интеграциялау және ведомствоаралық өзара байланысты нығайту, мемлекеттік органдармен ұйымдардың өзара іс-қимылын автоматтандыру басты назарға алынды.

Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорттық кешенінде өткен кеңейтілген оқыту-семинарды Қосшы қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы, мобильді топтың үйлестірушісі, Шәди Бақытбай ашты. Шараға қалалық әлеуметтік сала өкілдері, полиция, денсаулық сақтау мен білім беру саласының мамандары, яғни мобильді топ мүшелері қатысты.

Шараның негізгі мақсаты – отбасылық өзекті мәселелердің алдын алу, өмірлік

қиын жағдайға тап болған отбасыларға кешенді көмек көрсету, қоғамдағы отбасылық құндылықтарды сақтау және басқа да маңызды мәселелерді ашық талқылап, оларды оңтайландыру жолдарын қарастыру.

Өмірлік қиын жағдайларға тап болған отбасыларды ерте анықтап, жедел қолдау көрсету – жиында қаралған басты тақырыптардың бірі болды. Осы ретте мобильді топтар арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылық, ажырасу, кедейлік, жұмыссыздық сияқты мәселелерге тап болған отбасыларды анықтау және оларға бағытталған көмек көрсету жоспарланған. Мұндай іс-шаралар азаматтардың қажетті кеңес пен қолдауға қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Мобильді топ мүшелері «FSM SOCIAL» бірыңғай цифрлық платформасы арқылы нақты жағдай бойынша отбасылармен жеке жұмыс жүргізе алады. Бұл платформа құқық бұзушылық, отбасы жанжалы немесе бала құқығының бұзылуы сияқты жайттар бойынша бірден сигнал беріп, оны республика деңгейінде бақылауға алуға мүмкіндік береді. Платформада білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдары, сондай-ақ ауыл-аудан деңге-

йіндегі әлеуметтік қызметкерлер тіркелген. Түскен әрбір сигнал бойынша мамандар – психологтар, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер – тиісті отбасымен жұмыс жүргізеді.

Қазақстанда енгізілген «FSM SOCIAL» платформасын өңірлік деңгейде іске асырудың нақты қадамдары көрсетіліп, мобильді қосымшаның негізгі мүмкіндіктері таныстырылды. Аталған жобаны өңірде табысты жүзеге асыру үшін барлық қажетті жұмыстар қолға алынған. Бұл – отбасыларға кешенді қолдау көрсетіп, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды бастама екені анық.

Семинар соңында қатысушылар FSM SOCIAL платформасына қатысты өз пікірлерін білдіріп, өзара тәжірибе алмасты. Платформаны қолдануға қатысты нақты сұрақтарға жауап алып, оны тиімді пайдалану жолдары талқыланды. Бұл оқыту мобильді топ мүшелерінің цифрлық сауаттылығын арттырып, әлеуметтік қызмет көрсету сапасын одан әрі жетілдіруге мүмкіндік берді.

Ардақ Елтаева,
Отбасыларды қолдау және сүйемелдеу орталығының басшысы

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

«Қазақстанның үздік тауары»:

ҚОСШЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ЖЕТІСТІГІ

Көкшетау қаласында Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен және Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен «Қазақстанның үздік тауары» дәстүрлі көрме-байқауы өтті.



«Тәуелсіздік» алаңында ашық ауада нағыз шатырлы қалашық ашылды, онда жүздеген қонақтар өңірдің жетекші кәсіпорындарының өнімдерімен танысты. Қатысушылар тамақ, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс индустриясы, сондай-ақ қолөнер өндірісінің тауарларын ұсынды.

Қосшы қаласынан қатысқандары:

«Алтын-Қазақ компаниясы» ЖШС – ет өңдеу, ет өнімдері мен шұжық өнімдері. Кәсіпорын белсенді дамып келеді, қазіргі заманғы сапа стандарттарын енгізген, жергілікті өңірлік нарыққа бағытталған өнім желісін кеңейтеді.

«Сапа Су» ЖШС – темір бетон бұйымдарының өндірісі. Компания тапсырыс берушілерді сенімді өніммен қамтамасыз ете отырып, өңірдің құрылыс секторына

үлес қосады.

«Самат Ыбыраев» ЖК – ұлттық киімді жасау. Кәсіпкердің шеберханалары қол жұмысының сапасымен, тігудегі қазақ дәстүрлерінің сақталуымен танымал.

«Әлихан» ЖК – ұлттық мұзыкалық аспаптарды жасау. Шеберлердің бірегей бұйымдары тек Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де сұранысқа ие болып, мәдени мұраны сақтауға үлес қосуда.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды.

«Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясында Қосшы қаласының «Әлихан» ЖК Ділманов Нұржан үздік деп танылды.

Аймақтық байқаудың жеңімпаздары осы жылдың соңында елордада өтетін

«Қазақстанның үздік тауары» республикалық байқауына қатысады.

Сапаға, өсімге ұмтылу және экономиканың дамуына үлес қосу барлық қатысушылар үшін ортақ болып табылады. Байқауға қатысу олар үшін кең аудиторияның жетістіктерін көрсетуге, жаңа іскерлік байланыстар орнатуға, жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік береді. Іс-шара отандық өндірушілерді қолдап қана қоймай, басқа кәсіпкерлердің дамуын шабыттандырады.

Көрме Ақмола облысының кәсіпкерлері сапалы және бәсекеге қабілетті тауарлар шығара алатынын тағы дәлелдеді.

Қуаныш Нұртазин,
Қосшы қаласының Кәсіпкерлер палатасының филиалының директоры

БИЗНЕС С ДУШОЙ

АРОМАТ НАЧАЛА

ПРОЕКТ О КОФЕ, МЕЧТЕ И НОВОЙ ТОЧКЕ ПРИТЯЖЕНИЯ

В городе Косшы, где каждый шаг навстречу переменам заметен, а инициатива становится предметом обсуждения в семьях и на улицах, появилась идея, способная стать частью новой городской культуры. За ней – не просто аромат свежесваренного кофе и уютный интерьер, а личная история мужчины, который решился начать путь заново. Почему человек, годами работавший в транспортной отрасли, оставил стабильность и выбрал путь предпринимательства? Что вдохновило его на создание места, где хочется задержаться подольше? Ответы – в откровенном разговоре с автором проекта.

Аскар Жетеров до недавнего времени работал в железнодорожной сфере – стабильной, выверенной до мелочей, с расписаниями, которые не терпят отклонений, и структурой, в которой каждый шаг заранее предсказуем. Но внутри зрело ощущение: в жизни не хватает чего-то важного – возможности дарить людям настроение, быть ближе к окружающим, влиять на атмосферу, а не только выполнять поставленные задачи. Возникло желание построить пространство, в котором каждый гость чувствует себя спокойно, легко, почти как дома. Желание стало накапливаться – сначала в виде размышлений, затем в виде планов. И однажды оно стало внутренней потребностью.

– Я стремился к большей свободе в принятии решений, хотел проводить больше времени с близкими и давно мечтал о чём-то личном, полезном, по-настоящему искреннем. Уверен: если вкладываешь в дело душу и любовь, возможности приходят. Главное – не бояться начинать. Даже небольшой шаг может изменить многое. Кофейня стала моим таким шагом, – признаётся Аскар.

Прийти к этому решению было непросто. Вопросы, сомнения, страх перемен – всё это сопровождало идею с самого начала. Однако по-

степенно образ кофейни становился всё чётче. Мысль о собственном пространстве, наполненном ароматом кофе и атмосферой спокойствия, обретала реальность. Тогда Аскар начал изучать возможные пути реализации задуманного. Он узнал о государственной программе поддержки малого бизнеса, прошёл обучение по курсу «Бастау Бизнес», оформил необходимую документацию и подал заявку на участие в конкурсе на получение гранта. Усилия не прошли даром – инициатива получила поддержку, средства были выделены, а сам предприниматель почувствовал, что начал путь, к которому давно стремился.

– Мне близка атмосфера уюта, живого общения, мест, где каждый может ненадолго остановиться, выдохнуть и просто насладиться моментом. В последние годы такие пространства становятся всё более востребованными. Люди ищут не просто кофе на вынос, а ощущение покоя. Поэтому выбор пал именно на кофейню. Хотелось создать заведение, куда хочется возвращаться не из-за меню, а из-за ощущения тепла, – рассказывает Аскар.

Сегодня наше кофейное заведение готовится принять первых гостей. В микрорайоне Лесная поляна уже арендовано помещение, полным

ходом идут отделочные работы, закупается профессиональное оборудование, продумываются детали интерьера. В приоритете – натуральные текстуры, зелень, мягкое освещение, комфортная мебель. Всё, чтобы каждое утро начиналось с хорошего настроения и желания разделить его с другими. Пространство проектируется как точка эмоционального отдыха, где эстетика сочетается с функциональностью, а вкус – с атмосферой.

На фоне общего градостроительного развития Косшы, где формируются новые традиции, появляются точки притяжения и складывается собственная культура отдыха, открытие кофейни воспринимается как важное событие. Она может стать не просто заведением, а своего рода городской гостиницей, местом, где рождаются разговоры, обсуждаются планы, возникают новые идеи. Именно такие локации позволяют людям ощутить себя частью единого городского ритма.

Реализовать задуманное помогла государственная поддержка – финансовый импульс, который превратил мечту в конкретный план действий. Уютный уголок с кофе стал примером того, как программа развития малого бизнеса способна не только запустить механизм пред-



Фото предоставлено проектом «Бастау»

принимательства, но и вдохновить на смелые поступки тех, кто ещё вчера сомневался в своих силах. Государственное участие придало уверенности и позволило сосредоточиться на сути проекта, не отвлекаясь на финансовые барьеры.

Финансирование предоставляется строго под деловые нужды – приобретение оборудования, арендную плату, запуск процесса. В рамках первого этапа грантовой кампании в Косшы были отобраны самые перспективные и жизнеспособные проекты. Среди победителей оказался и Аскар Жетеров – один из тех, кто рискнул выйти за рамки привычного и поверил в реальность собственных стремлений. Грант стал не только финансовой, но и моральной поддержкой, подтверждением значимости задуманного.

Поддержка государства – это не просто вручение сертификата. За этим стоят этапы подготовки, курсы, консультации, разработка бизнес-плана и последующая защита перед экспертной комиссией. Требуется не только идея, но и чёткое понимание, как её реализовать. В случае Аскара всё это сложилось: от намерения – к действию, от мечты – к реальным шагам. Его кофейня стала одной из шести инициатив, получивших одобрение и финансирование. Это путь, на котором предприниматель ежедневно проверяет свою настойчивость и внутреннюю зрелость.

Разумеется, впереди немало забот. Необходимо завершить оформление фирменного стиля, наполнить контентом страницы в социальных сетях, привлечь первых посетителей, заслужить доверие. Но важнейшее уже позади – начальный толчок получен, и процесс запущен. Самое ценное в этой истории – то, что проект родился не из бизнес-анализа, а из внутреннего стремления создать нечто доброе и нужное. Он вырос из личной потребности внести смысл в повседневность и предложить обществу тёплое, искреннее пространство.

Это место для кофе и встреч не ограничивается коммерческой целью. В него вложены переживания, воспоминания, надежды, опыт. Здесь будут важны не только рецепты, но и настроение, искренний интерес к гостю, стремление подарить человеку немного душевного покоя. Место обещает стать продолжением человеческой истории – той самой, которая начинается с мечты, обретает форму и превращается в пространство доверия и тепла. Здесь каждый сможет почувствовать, что

его присутствие значимо.

– Истинное начинание всегда рождается из внутреннего порыва, из желания изменить что-то в мире вокруг. Новое кофейное пространство стало для меня именно таким выбором – осозанным, вдохновляющим, важным, – подчёркивает Аскар.

Город Косшы переживает этап обновления. Инициативы, рождающиеся благодаря упорству его жителей, формируют не только внешний облик, но и внутренний дух города. История Аскара Жетерова – наглядный пример того, как личная решимость и общественная поддержка соединяются, чтобы наполнить город новыми смыслами. Возможно, за одним из столиков этой уютной кофейной локации однажды родятся идеи, способные изменить чью-то судьбу – так же, как изменилась жизнь её основателя. Ведь каждое начинание – это приглашение к новому диалогу.

P.S. Когда мечта просыпается – ей нужно не мешать. А ведь всё начинается с самой простой мысли: «А что, если попробовать?» Не с бизнеса. Не с формулы прибыли. А с ощущения внутри – что можешь больше. Что пришло время не ждать, а делать. Пусть маленькими шагами. Пусть на страхе. Но с верой. Когда в Косшы стартовал грантовый конкурс, это был не просто набор заявок. Это был момент выбора для десятков людей: остаться в зоне привычного или рискнуть. Те, кто решился, уже начали новую главу своей жизни. И знаете, что удивительно? Среди них нет сверхлюдей. Это обычные мужчины и женщины. С детьми, делами, тревогами. Просто однажды они сказали себе: «Хватит откладывать». Я видела, как рождаются эти проекты. Видела глаза, полные сомнений – и полные огня. Кто-то мечтал о мастерской, кто-то – о теплице, кто-то – о месте, где пахнет кофе и верой в лучшее. И каждый из них доказал: если в дело вложена душа, оно обязательно найдёт отклик. Грант – это не финиш. Это старт. Это доказательство, что государство умеет слушать и поддерживать. Но главное – не сумма в тенге. Главное – внутренняя готовность не сдаваться, даже когда страшно.

Жанар АХМЕТОВА



СТРОИТЕЛЬСТВО КОФЕЙНИ РАСШИРЯЕТСЯ

НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНО

КОСШЫГУЛОВЫ И КОСШЫ:
ПЕРЕКРЁСТКИ ИСТОРИИ

В нашей повседневной жизни мы редко задумываемся о том, кто стоял у истоков торговли, производства и предпринимательства в степях Центрального Казахстана. Тем временем, ещё в начале XX века в Акмоле и её окрестностях жили люди, которые смотрели в будущее гораздо шире, чем позволяли обстоятельства. Среди таких прогрессивных и деятельных людей особое место занимает династия Косшыгуловых. Имена их почти не звучат в школьных учебниках, но значение их вклада в становление городской жизни, торговли, образования, культуры и технологий переоценить сложно.

История Косшыгуловых началась с Баймухамбета, известного в народе как Байкоп. Он родился в 1848 году в ауле Келтетал нынешнего Жанааркинского района Карагандинской области. Оставшись сиротой, Баймухамбет был усыновлён татарским купцом, который не просто дал ему крышу над головой, но и обучил делу основам торговли и ведению бизнеса. Этот опыт оказался поворотным в судьбе юноши: проявив упорство, наблюдательность и хозяйскую хватку, он вырос в одного из самых влиятельных и состоятельных купцов Караоткельского региона.

Начав с торговли тканями и бакалейными товарами, Байкоп постепенно расширил сферу деятельности. Его имя стало известно не только среди местного населения, но и далеко за пределами

Но Байкоп на этом не остановился. В 1895 году он и его сыновья открыли кондитерскую фабрику «Косшыгулов и сыновья», которая производила широкий ассортимент сладостей: халву, зефир, шоколад, печенье, сухари. По словам старожилов, записанным исследователями, дети с нетерпением ждали праздников, когда можно было попробовать «косшыгуловские» сладости. В 1915 году фабрика была удостоена звания «Поставщик Двора Его Императорского Величества», что свидетельствует о высоком качестве продукции и её известности далеко за пределами края.

Косшыгуловы вкладывались и в развитие духовной сферы. Байкоп построил Каменную мечеть в центре города, а также медресе-школу. Эти здания, к сожалению, не

старший сын, родившийся в 1876 году. В детстве он окончил местное медресе, затем – семинарию, а после поступил в Учетно-кооперативный институт в Санкт-Петербурге. Для начала XX века это было не просто редкостью – это было исключением. Получив образование экономиста, Курмангали не только изучал теорию, но и погружался в практику.

Именно в годы его учёбы в Петербурге в город стали завозить первые автомобили. Курмангали увлёкся новинкой, окончил курсы водителей и даже участвовал в автогонке, где занял первое место. В качестве приза он получил собственный автомобиль, который и стал первым моторным транспортом, привезённым в казахскую степь. Впоследствии он ввёз ещё несколько машин и про-

ками, специалисты прибыли в город, привезли чертежи, и даже началось строительство. Однако с началом Первой мировой войны работы были остановлены. Дальнейшие исторические потрясения – Февральская революция, Октябрьская, гражданская война – окончательно разрушили мечту о заводе. В воспоминаниях младшего брата Бекмухамбета говорится, что чертежи хранились в гостевом доме семьи ещё долгие годы – как немой символ несостоявшегося будущего.

Интересно, что семья Косшыгуловых не ограничивалась бизнесом. Они были культурными меценатами. В книге Ахмета Байтурсынова «Замана бұлбұлдары» упоминается, как по приглашению сыновей Байкопа в Акмолу приезжали люди, записы-



Косшыгулов отбасы

Изображение с портала Qazaqstan.tarbiy

помощь была значительной. Это сотрудничество позднее стало для него опасным. После конфискации имущества в 1928 году он был вынужден покинуть родные места. Один из первых казахских капиталистов курмангали Косшыгулов скончался в 1954 году в Шымкенте.

Семья, некогда задававшая темп целому региону, была фактически уничтожена политикой конфискаций и идеологического давления. Их магазины, фабрики, мечети, дома – всё исчезло с карты города. Сегодня от этой истории остались лишь отдельные строки в воспоминаниях, редкие фотографии и свидетельства потомков.

Но история продолжает жить. Один из потомков династии – Ерлан Кузекбай, писатель и журналист, сегодня занимается восстановлением родословной, публикует материалы о Косшыгуловых, поднимает из архива забытые страницы. Благодаря таким людям мы сегодня можем вновь заговорить о тех, кто когда-то мечтал изменить степь, сделать её современной и культурной, кто строил фабрики и школы, говорил на равных с европейскими инженерами и верил, что казахский народ достоин лучшего будущего.

История становления одного из влиятельных купцов Караоткеля – это не только

личная хроника успеха, но и ценный материал для научно-познавательного осмысления процессов, происходивших в казахском обществе начала XX века. Такие судьбы позволяют глубже понять, как формировались предпринимательские традиции, как менялся образ жизни, мышления и хозяйствования. Для города Косшы, соседствующего с историческим Караоткелем, подобные примеры служат важным напоминанием: наше настоящее зиждется на прочном фундаменте прошлого, который ещё ждёт своего всестороннего научно-познавательного изучения.

Важно отметить: несмотря на созвучие фамилии Косшыгуловых и названия города Косшы, прямой исторической связи между ними нет. Слово «қосшы» в казахском языке означает «труженик», «помощник», и использовалось как типовое название в советскую эпоху. Однако это фонетическое совпадение даёт повод задуматься, насколько тесно переплетаются личные истории и география, и как важно изучать их через научно-познавательную призму.

Материал подготовлен на основе статьи Есбола Нурахмета, с сохранением фактической точности и уважением к первоисточнику



области. В 1890-х годах в Караоткеле он открыл крупный магазин «Зелёный ряд» – так называли торговую точку из-за зелёной двери, хотя на деле это было не просто лавка, а целый торговый комплекс. Он располагался в районе ТЦ «Сине Темпоре», где когда-то стоял ЦУМ. В нём размещались десятки торговых помещений – по воспоминаниям, до 72 лавок и 10 небольших бутиков. Такое место вполне можно было бы назвать прообразом современного ТРЦ.

дожили до наших дней. После 1930 года мечеть использовалась как музей, затем как производственное помещение, а позже была снесена. Медресе также было разрушено в советские годы. Но память о них жива в архивных документах и в рассказах очевидцев.

У Байкопа было шестеро сыновей и одна дочь Райхан. Все сыновья, воспитывавшиеся в духе трудолюбия и предпримчивости, продолжили дело отца. Среди них особенно выделялся Курмангали,

дал их другим купцам. Историк А.В. Дубицкий в своих трудах упоминает, что даже такие известные личности, как купец Кубрин и К.П. Шахов, покупали машины у Курмангали. Получается, что именно он основал первую в степи частную компанию по поставке автомобилей.

На этом амбиции Курмангали не завершили. Он задумал построить автомобильный завод в Акмоле. В 1913 году были подписаны договоры с немецкими инженерами и промышленни-

вавшие казахские песни на граммофон. Были организованы песенные состязания, встречи акынов, кюйши, обсуждались вопросы искусства и языка. Это говорит о высоком уровне культурной осознанности и широте взглядов представителей династии.

Курмангали также был сторонником Алашорды. Он поддерживал движение, вёл встречи с её представителями, помогал деньгами. Точной суммы его пожертвований в архиве не сохранилось, но, по воспоминаниям семьи,

P.S. Работая над этой статьёй, я невольно ощущала, как оживают страницы прошлого: будто шаги по булыжной мостовой Караоткеля звучат вновь, витрины «Зелёного ряда» наполняются товарами, в воздухе стоит аромат свежей халвы, а во дворе медресе звенят детские голоса. История династии Косшыгуловых – не просто сухая хроника. Перед нами – эпос о людях, которые верили в силу знаний, в мощь торговли, в будущее родного края.

Их вклад в развитие региона включал не только первые автомобили, первые фабрики и шаги частного предпринимательства. Наряду с ними – культура, язык, вера, образование. Ценности, которые даже через столетие не теряют своей значимости. Сколь символично: в то время, когда в столицах

империй лишь зарождались идеи предпринимательской свободы, в сердце казахской степи уже действовали купцы, мыслящие глобально и поступающие дальновидно.

В судьбе каждого из героев – и Байкопа, и Курмангали, и их потомков – мы находим черты, так необходимые и нашему времени: дальновзоркость, упорство, веру в собственное дело. Подобная история бросает вызов забвению, звучит как тихий, но упорный голос памяти, который, несмотря ни на что, пробивается сквозь десятилетия.

Особое впечатление произвёл тот факт, что в их доме, несмотря на конфискации и репрессии, продолжали храниться чертежи несостоявшегося автозавода — как символ мечты, которую не удалось реализовать, но которая вдохновляет и сегодня. Быть может,

кому-то из нынешних предпринимателей, студентов, инженеров, исследователей эта мечта подскажет своё направление, станет импульсом к созданию нового.

Заслуживает внимания и вклад нашего современника – Ерлана Кузекбая, который поднимает из архивов забытую историю, делает её доступной широкой публике. Ведь без тех, кто собирает крупными усилиями прошлое, у будущего не бывает корней. Именно такие люди напоминают: истинное богатство заключается не только в золоте и серебре, но и в памяти, передаваемой через поколения, в ответственности перед историей и стремлении к справедливости.

И хотя между фамилией Косшыгулов и названием нашего города прямой связи не прослеживается, невозможно не задуматься:

насколько удивительно иногда переплетаются судьбы людей и названия мест, насколько тонка граница между личной и общей историей. Быть может, в этом и заключается главный урок – не просто знать своё прошлое, а ощущать его как живую часть настоящего.

Где-то среди этих степей стояли дома, фабрики, мечети, звучали кюи и строились планы на будущее. Сегодня от былого остались лишь строчки в архивах, воспоминания и вера потомков. Но если мы будем помнить – значит, они живы. А вместе с ними – жива и душа нашего народа.



Разворотный лист подготовила
Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com



АРДАГЕРЛЕР АУҚЫМДЫ КОНЦЕРТ БЕРДІ

ӨНЕР

Қосшы қаласында «Замандас» халықтық ардагерлер хоры мен «Есіл-Нұра» халық аспаптары ансамблінің есептік концерті болып өтті. Бұл концерт – тек өнер көрсету ғана емес, сонымен қатар ұлттық рухани мұраны жаңғыртуға, оны келесі ұрпаққа жеткізуге арналған мәнді оқиға ретінде қаланың мәдени өміріне ерекше серпіліс әкелді.

«Замандас» халықтық ардагерлер хоры биыл өзінің жеті жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл ұжым өз репертуарына отыздан астам халық әндері мен қазақстандық композиторлардың шығармаларын енгізіп, жанрлық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Өткен жылы облыстық сарапшылардың алдындағы сынақтан сәтті өтіп, айтулы «Халықтық ұжым» атағына ие болды. Хордың көркемдік жетекшісі әрі дирижеры – Павлодар облысы Май ауданының құрметті азаматы Валентина Шаймерденова.

Ал «Есіл-Нұра» халық аспаптары ансамблі үш жылдан бері қазақ мәдени мұрасын дәріптеу жолында тынбай еңбек етіп келеді. Ансамбль жетекшісі Ахметхан Алпысбаев концерт алдындағы сөзінде: «Күннің ыстығы мен суығына қарамай, жұмысымызды жиып тастап жүріп дайындаған дүниелерімізді халыққа көрсетіп, бір есеп берсек деген ой көптен көкейімізде жүрген еді. Міне, бүгін сол арманымыз орындалып, сіздермен жүздесіп, мынау заманауи кең сарайдың сахнасында қошаметтеріңізге бөленіп тұрғанымызға ерекше қуаныштымыз!» деп, өнерге деген терең адалдығы мен шынайы махаббатын жеткізді. Ол сонымен қатар, ұжымға әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқан Қоғамдық мәдениет-спорт сарайының басшысы Ақылбек Данабекке және Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабділбар Абақовқа зор алғысын білдірді.

Концерт ұлы Абайдың көпшілік біле бермейтін күйлерінің бірі – «Торжорғамен» салтанатты түрде ашылды. «Есіл-Нұра» халық аспаптары ансамблінің орындауындағы бұл күй көрермендерді ерекше күйге бөлеп, Абайдың «Май түні», «Майда қоңыр», «Желдірме» сияқты күйлерінің де бар екенін көпшілікке паш етті. Бұл – ұлы композитор-

дың шығармашылық мұрасының тек әндермен ғана шектелмейтінін дәлелдегендей болды.

Ансамбль әншісі Сәуле Мәзімованың орындауындағы «Жылқы ішінде бір ала» халық әні концерттің атмосферасын, тіпті жандандырып, тыңдаушыларды қазақтың кең даласындай еркін сезімге бөледі. Қазақ әдебиеті мен рухани-ятына айрықша үлес қосқан, Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист, алты тілді меңгерген дәрігер, елінің тәуелсіздігі мен дербестігі жолында от кешкен жерлесіміз Қошке Кемеңгеровтің туған немересі Ризабек Кемеңгеровтің поляк композиторы Огинскийдің әлемге әйгілі «Отанмен қоштасу» атты полонезін мандолина аспабында орындауы тыңдаушыларды музыканың сиқырлы әлеміне енгізіп, зал тыныштыққа бөлгенді. Әнші, композитор Өміртай Айтжанов халықтың «Ғазизагүл» әнін мәнін келтіріп, ерекше орындап, көпшілік көңілінде қалды. «Керім-ау, айдай» әнін ансамбльдің сүйемелдеуімен «Замандас» хоры бір деммен шырқағанда, ескі әннің жаңаша тынысы ашылып, сөзі тілге оралғандай әсер қалдырды.

Концерт барысында жергілікті ақын Кәдірхан Қизатұлының сөзіне жазылған Амангелді Ыдырысовтың «Есіл-Нұра мекенім» әнін Бақыт Қуанышқызы аккордеонның сүйемелдеуімен тамаша орындап шықты. Ризабек Кемеңгеров келесі кезекте өзінің төл туындысы «Алаш толғауын» домбырамен орындады. Бұл орындау өткен күннің мұңы мен бүгінгінің шүкіршілік тіршілігін қатар өргендей болды, тыңдаушыларды терең ойға жетеледі. Сахна төрінде Әбілқайыр Айнабаев Шәмші Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу» әнін, Баян Темірбаева мен Бекен Омарова халық әні «Гүлдерайымды» орындағанда,



көрермендердің алған әсері тым бөлек болды.

«Замандас» хорының көркемдік жетекшісі әрі дирижеры Валентина Шаймерденованың басшылығымен Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» және Өмірбек Байділдаевтың «Туған ел» әндері хор акапелламен орындалып, әдемі әсер қалдырды.

Концерттің ерекше сәттерінің бірі – халық сүйіп айтатын «Ақ сәулем» әнінің авторы, композитор Амангелді Ыдырысовтың сахнада өзі орындауы болды. Ол өз шығармасын орындап, аға буынның жастық шағын еске түсіргендей әсер қалдырды.

Осы концертке арнайы келген Қазақстан Композиторлар одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор, композитор Серікжан Әбдінұров сахна төрінен: «Керемет концертте әдемі әсерге бөленіп отырмыз. Бұл қаншама дайындық пен ізденістің жемісі. Бұл жұмысқа кәсіби деңгейде кірісіп, дайындалғандықтарыңыз білінеді. Халықаралық деңгейде де танылып, жүлделі орынға ие болып жүр екенсіздер, бұл үлкен жетістік. Хор мен ансамбль жұмысын қолдап, бұдан да биікке жеткізу керек. Жергілікті басшылық осы жағдайды ескереді деп үміттенемін. Жұмыстарыңыз нәтижелі, жемісті болсын!» деп

тілегін білдірді. Сонымен қатар, ол Амангелді Ыдырысовқа Композиторлар одағының куәлігін салтанатты түрде табыс етті. Бұл ардагерлер еңбегінің мемлекеттік деңгейде мойындалғанының белгісі болды.

Концерт барысында белгілі ақын Ғабит Сапаровтың сөзіне жазылған Амангелді Ыдырысовтың «Астана мен Алматы» әнін автормен қосылып Өміртай Айтжанов орындады. Бұдан кейін сахнада Ахметхан Алпысбаев әр ұлттың әндерінен попуриі құрап, сазсырнайымен сызылты. Өміртай Айтжанов Ержан Белғоизиевтың «Сезім шырағы» әнін, Таңатқан Ереубай Абайдың «Айттым сәлем, қаламқас» әнін аспаптық квартеттің сүйемелдеуімен тамаша шырқап шықты. Ал Жаңбыршы Қожағұлов Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» әнін жан-жүрегімен жеткізді.

Қорғалжын өңіріндегі Ащы көл мен Тұщы көл маңында өмір сүріп, бір-біріне деген адал сезімдері ғашықтық пен махаббаттың символына айналып, аттары аңыз болып тарихта қалған қазақ жігіті Дүйсен мен Жагорқызы Мариямның махаббаттарынан сыр шертетін «Дудар-ай» әнін хор ерекше шырқап, тыңдаушыларды терең сезімге бөледі. Нұржамал Янгиеваның «Қайтар маған» әнін Райгүл

Гайнуллина орындап, көрерменнің көңілін тербетті.

Концерт арасында Қосшы қалалық мәслихатының депутаты, мәслихат төрағасы Әлихан Жұмаханұлы сахнаға көтеріліп, ардагерлерге ізгі тілегін арнады. Ал хор мен ансамбль мүшелеріне алғыс хат табыстап, олардың еңбегіне ризашылығын білдірді.

Сынаптай сырғып, мың құбылған өмір ағысынан қалмаған ардагерлер ұжымы халық әндері мен халық композиторларының әндерін жаңа дәуірдің сан түрлі жанрларына икемдеп, ұлттық өнеріміздің отын өшірмей, келер ұрпаққа өз қалпында сақтап жеткізуді мақсат еткен. Ақан серінің «Маңмаңгер» әнін «Замандас» халықтық ардагерлер хорының орындауында ерекше шықты.

Жергілікті ақын Кәдірхан Қизатұлының сөзіне жазылған Ахметхан Алпысбаевтың «Қосшым менің, жыр – әнім» әні орындалды. Бұл ән қаланың әнұранына айналғандай әсер қалдырып, концерттің ерекше нүктесі болды. Концертті жоғары бағалаған көрермендердің бірі Бағдат Абдырахманова: «Концерттен тамаша әсер алдық. Отбасымызбен келіп халық әндері мен авторлық әндерді тыңдап, ел ішінде осындай ардагерлер ұжымы бар екендігін біліп, қуанып қалдық. Ұжыммен жұмыс істеу қиын болса да, ардагерлер қаншама уақытын арнап, тыңғылықты дайындалғандығы байқалады», деді. Бұл сөздер ардагерлердің өнерге деген құштарлығы мен қажырлы еңбегінің айқын дәлелі.

Қосшы қаласында өткен бұл есептік концерт ардагерлер ұжымдарының қазақ өнері мен мәдениетіне деген адалдығын, оны дамытуға қосқан зор үлесін айқын көрсетті. Олардың еңбегі келер ұрпаққа ұлттық өнерді өз қалпында жеткізуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Мұндай мәдени шаралар қаланың рухани өміріне тың серпіліс беріп, өнерге деген сүйіспеншілікті арттыратыны сөзсіз. Бұл концерт қазақ өнерінің мәңгілік екендігін тағы бір дәлелдеді және Қосшы қаласының мәдени айнасында айтулы оқиға ретінде тарихта қалмақ.

Гүлназ БИСЕН

Jana
BastauМеншік иесі –
«Bastau Media» ЖШСДиректор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫБас редактор
Дәулет АСАУБас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕНВеб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВАЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫКорректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ
Нөмердің кезекшісі
Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz